

## **1. Спорттық жарыстың атауы.**

Шаңғымен бағдарлау бойынша Астана қаласының 3 кезенді кубогі.

## **2. Мақсаттары мен міндеттері.**

- Астана қаласында шаңғы бағдарлауды насихаттау және одан әрі дамыту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Жастарды жүйелі дене шынықтыру және спорт сабақтарына тарту;
- Спортшылар арасында татулық пен ынтымақтастықты дамыту ;
- Спортшылар мен төрешілердің шеберлігін арттыру.

## **3. Өткізу мерзімі мен орны.**

Жарыс Астана қаласының саябақтарында, 2024 жыл 24 ақпан, 31,31 наурыз арасында өткізіледі. Жарыс орталығы – Астана қаласы, Орталық саябақ, Тұран даңғылы, 2/5.

### **1 күн – 24 ақпан 2024 жыл:**

13.00 – 14.00 – қатысушылардың келуі, тіркелуі;

14.00 – жарыстың басталуы, Орталық саябақ – спринт;

### **2 күн – 30 наурыз 2024 жыл:**

10.30 – Президенттік саябағы – белгіленген жол.

### **3 күн – 31 наурыз 2024 жыл:**

10.30 – Орталық саябақ - скиатлон.

13.00 – Қатысушыларды марапаттау мен жарыстың жабылу рәсімі. Кубок қатысушылапының қайтуы.

Келу күні: 24 ақпан 2024 жыл; Қайту күні: 31 наурыз 2024 жыл.

## **4. Спорттық жарысты өткізу жүйесі.**

Шаңғымен бағдарлау жарысы ҚР СБФ ережелеріне сәйкес өткізіледі.

## **5. Жарыстың өту тәртібі.**

Жеке жарыстарда әр қатысушының нәтижесі қашықтықты өтудің ең аз уақыты бойынша анықталады. Жеке есептегі ұпайлар мына формула бойынша есептеледі:  $100 * \text{тпоб.} / \text{t уч.}$

## **6. Қатысушы ұйымдар.**

Жарысқа өтінім берген, денсаулықтарына қарсы көрсеткіштері жоқ ұйымдардың спортшылары және жеке тұлғалар қатыса алады.

## **7. Жарыстың қауіпсіздік тәртібі.**

Жарыс барысында спортшылардың өмір қауіпсіздігіне, денсаулығына тікелей қатысушының өзі жауапты болады.

Жарыс кезінде спортшылармен оқыс жағдайлар, жарақаттар болған жағдайда ұйымдастырушыға жауапкершілік жүктелмейді.

Мәре бойында дәрігер болады.

## **8. Өткізу шарттары және қатысуға туралы өтінімдер.**

Қатысуға өтінім тек ORGEO.RU жүйесі арқылы беріледі, 2024 жыл 16 ақпан 21:00-ге дейін қарастырылады.

Жарысқа түсу келесі қатысушыларға рұқсат етіледі:

Спорттық бағдарлауға медициналық қарсы көрсетілімдері жоқ. Қатысушы өз бетінше медициналық тексеруден өтуге және бағдарлау жарыстарына қатысуға қарсы көрсетілімдердің жоқтығы туралы медициналық қорытынды алуға міндетті. Кәмелетке толған спортшылар өз денсаулықтарына өз бетінше жауапты.

## **9. Жарыстың сандық құрамы.**

Қатысушылар саны шектелмеген.

## **10. Жарыс бағдарламасы.**

Шаңғы бағдарлау жарысы ережеге сәйкес қатысушылардың жас топтары:

- MW – 8 (2016 ж.т. және одан кіші);
- MW - 10 (2014-2015 ж.т.);
- MW - 12 (2012-2013 ж.т.);
- MW – 14 (2010-2011ж.т.);
- MW – 16 (2008-2009 ж.т.);
- MW – 21 (2007 ж.т. және одан үлкен);
- MW – 21A (2007 ж.т. және одан үлкен) разрядсыз;
- MW – 35 (1989 ж.т. және одан үлкен);
- MW – 40 (1984 ж.т. және одан үлкен);
- MW – 45 (1979 ж.т. және одан үлкен);

MW – 50 (1974 ж.т. және одан үлкен);  
MW – 55 (1969 ж.т. және одан үлкен);  
MW – 60 (1964 ж.т. және одан үлкен);  
MW – 65 (1963 ж.т. және одан үлкен).

35 жас және одан үлкен жас топтары қатысушылары аз болған жағдайда одан кішірек топпен біріктіріледі. 8-21 топтары қатысушылары 3-тен аз болған жағдайда одан үлкенірек топпен біріктіріледі. Ерлер мен әйелдер топтарының жалпы саны 16 топтан аспау керек.

#### **11. Медициналық және санитарлық қамтамасыз ету.**

Мәреде дәрігер болады. Жарыстың барлық қатысушылары допингке қарсы Кодекспен таныстырылады.

#### **12. Допингке қарсы қамтамасыз ету.**

Тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді (бұдан әрі допинг) химиялық қосылыстар, тыйым салынған заттарды қадағалау төрешілер алқасына жүктеледі.

#### **13. Жарысқа қатысу және өтінімді беру тәртібі.**

Қатысуға өтінім тек ORGEO.RU жүйесі арқылы беріледі, 2024 жыл 23 ақпан 21:00-ге дейін қарастырылады.

Мандаттық комиссия құжаттарды келесі мерзімдерде қабылдайды: 2024 жыл 24 ақпан күні жарыс орталығында 09:00-10:00-ге дейін.

Мекен-жайы: Астана қаласы, Орталық саябағы, Тұран даңғылы, 2/5.

#### **14. Наразылықтар беру және оларды қарау тәртібі.**

Наразылықтар беру тәртібі және оны қарау ҚР СБФ ережелеріне сәйкес қаралады.

#### **15. Марапаттау тәртібі.**

Дипломдар, кубоктармен және сыйлықтармен Астана қаласы әкімдігінің «Спорттық - бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы» КММ қамтамасыз етеді.

Кубоктің барлық кезендерінің сомасына сәйкес марапаттау рәсімі жүзеге асырылады.

1-3 орын алған қатысушылар дипломдармен және кубоктармен марапатталады.

1 орын алған қатысушылар естелік сыйлықтарымен марапатталады.

### **16. Қорытынды ережелер.**

Жарыстың осы Ережесі жарысқа қатысу үшін ресми және шақыру болып табылады.

Ұйымдастыру комитеті жарысты өткізу туралы осы Ережеге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

Бас төреші: Адамович Д.О. +7 707 859 23 53